

катынастардың теңсіздігі айқын болғанымен, әйелдердің өз рөлдерін орындаудағы жауапкершілігі мен моралдық күш-қуаты көп жағдайда жоғары бағаланған. Әйелдердің отбасы мүшелеріне көрсететін қамқорлығы мен тәрбиелік ықпалы, олардың қоғамдағы және отбасы ішіндегі әлеуметтік мәртебесін анықтады.

Қазіргі кезеңде қазақ қоғамында отбасы құрылымы мен неке институтында айтарлықтай өзгерістер орын алды. Әлеуметтік, экономикалық және мәдени өзгерістер әйелдер мен ерлердің рөлдерін қайта қарауға және жаңадан қалыптастыруға алып келді. Ғалым Халел Арғынбаевтың зерттеулерінде көрсетілгендей, әйелдердің әлеуметтік рөлі артып, олардың қоғамдық өмірге белсене қатысуы басталды. Әйелдердің кәсіби өмірге араласуы, олардың білім алуы және жеке құқықтарының кеңеюі отбасы құрылымында жаңа өзгерістер туғызды. Бұл өзгерістер әйелдердің отбасы ішіндегі рөлін ғана емес, қоғамдағы рөлін де айтарлықтай өзгертті. Қазіргі таңда әйелдер ерлермен тең дәрежеде білім алып, жұмыс істеп, қоғамдық өмірдің барлық саласында белсенді түрде қатысады [6].

Жалпы, гендерлік теңдік мәселесі қазіргі қазақ қоғамында маңызды болып табылады. Әлеуметтік құрылым мен әйелдердің құқығын қорғау бағытында жасалған реформалар отбасы мен неке институтының жаңаруына әкелді. Әйелдердің қоғамдық және жеке құқықтарының қорғалуы, олардың әлеуметтік өмірде тең дәрежеде қатысуы отбасы құрылымында да өзгерістерге әсер етті.

Өз ойымды қорыта айтатын болсам, Қазақ этнографиясындағы отбасы құрылымы мен неке институты - қазақ қоғамының маңызды әлеуметтік құрылымдарының бірі болып табылады. Бұл институттардың әлеуметтік рөлі мен маңызы Халел Арғынбаевтың зерттеулерінде терең талданған. Оның еңбектері қазақ қоғамындағы отбасы мен неке қатынастарын, ер мен әйелдің рөлдерін, олардың арасындағы әлеуметтік теңсіздікті түсінуде маңызды теориялық негіз қалдырды. Көрнекті ғалым Х.Арғынбаев қазақ қоғамындағы отбасы құрылымының патриархалдық сипатта қалыптасқанын, ер мен әйел арасындағы рөлдердің айқын бөлінгенін атап көрсеткен. Еркектер отбасының асыраушысы әрі қорғаушысы болып саналды, ал әйелдер үй шаруашылығын жүргізуші, балаларды тәрбиелеуші рөлін атқарды.

Қазақ қоғамындағы отбасы мен неке институты дәстүрлі құндылықтарға негізделген және әлеуметтік құрылымның тұрақтылығын қамтамасыз ететін механизм болды. Қалыңмал, әмеңгерлік, көп әйел алу сияқты дәстүрлердің болуы да осы құндылықтардың сақталуына әсер етті. Бұл ерекшеліктер қазақ қоғамының әлеуметтік қатынастарын реттеу тәсілдерін айқындады. Бірақ уақыт өте келе әлеуметтік құрылымдағы өзгерістер, әйелдердің қоғамдық өмірге белсенді қатысуы, гендерлік теңдіктің артуы отбасы құрылымы мен неке институтын жаңа әлеуметтік жағдайларға бейімдеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Арғынбаев Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері .-Алматы «Қайнар»баспасы, 2005.-216 б.
2. Арғынбаев Х. Қазақ халқының этнографиясы. - Алматы: Ғылым, 1993. - 256 б.
3. Бердібай Р. Қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихы. - Алматы: Жазушы, 1997. - 384 б.
4. Қалыш А. Семья и брак в современном Казахстане. - Алматы: Арыс,2013.-472 с.
5. Шаханов М. Қазақ отбасының әлеуметтік құрылымы. - Алматы: Дәуір, 2000. - 210 б.
6. Ахметов Қ. Қазақ этнографиясының әзекті мәселелері. - Алматы: Қазақ университеті, 2005. -

129 б.

КІШІ ЖҮЗ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІНДЕГІ ИСЛАМ: XVIII-XIX ҒАСЫРЛАР ЭТНОГРАФТАРЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ТАРИХИ- ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Ахмедова А.М.

Ғылыми жетекшісі: Phd., аға оқытушы Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық Университеті

aruzhann1@bk.ru

Астана қ.

Қазақ даласындағы исламның ерекшеліктерін зерттеуде тарихнамасында қазақ халқының діни санасы бойынша синкреттік және көпқұрылымды сипатқа ие болған деген секілді пікірлер қазақ тарихында кең белең алған. Этнограф А.Т. Төлеубаев қарастырылып отырған кезеңде «халықтың діни санасы синкреттік, көпқұрылымды сипатқа ие болды» деп есептейді [1, 6 б]. Дәл осындай көзқараспен Г.М. Раздықовада бөліседі. Г.М.Раздықова рухани негіздердің өзара ықпалдастығы туралы былай деп

жазады: «Қазақтардың діни санасы айқын синкретизммен, яғни ажыратылмаушылықпен ерекшеленді. Исламға дейінгі наным-сенімдерді жалған деп жоққа шығарғанымен, ислам бұның бәрін өзінің жүйесіне сіңіріп алды. Негізінде, архаикалық культтер - анимизм, магия, тотемизм, фетишизм, шаманизм - өзгертілген түрде ислам құрамына енді. Дәл осы жағдай көптеген халықтық дәстүрлер мен жоралғыларға да тән. Көп жағдайда көне дәстүрлер ислам арқылы қасиетті деп танылып, жаңа өмірге ие болды деп айтуға болады» [2, 30 б]. Алайда қазақ даласындағы синкреттік сенім туралы тарихшы Н.Нұртазина пайымдауынша қазақ даласындағы исламға байланысты ғылыми ортада кездесетін концепциялар кеңестік Қазақстанның тарихи ғылымынан қалған қате пікірлер деп жеткізеді. Кеңестік Қазақстанның ресми тарихи ғылымында қазақ көшпенділері арасында «діни синкретизм» және «әлсіз» ислам тезисі үстемдік етті. Сонымен қатар, мұсылмандық «таптық жоғарғы топтың» (хандар мен қожалардың) діни болып саналып, ал «халықтық сенім» шаманизм болып қалған деген концепция қалыптасты деп баяндайды [3, 4-5 б]. Жаңа зерттеулер мен тың ғылыми тұжырымдар қазақтардың діни санасының эволюциясын тереңірек зерделеп, бұрынғы синкретизм теориясын қайта қарауға негіз болды. Қазақстандық зерттеуші Павел Шаблей Қазақстандағы исламның тарихи тамырлары терең екенін атап өтіп және қазақтар арасындағы «нашар мұсылмандылық» туралы пікірдің асыра сілтенгенін көрсетеді. Бұл тұжырым орыс тілді дореволюциялық, кеңестік және ішінара қазіргі тарихи ғылымда кең таралған көзқарастарға сын ретінде ұсынылады. Ғалым П.Шаблей Қазақстан аумағындағы исламның ежелден қалыптасқанын алға тартады. Сонымен қатар П.Шаблей, XVIII ғасырдың соңында Қазақ даласында «исламдық трансформация» орын алғанын атап өтеді. Бұл үдеріс Ресей империясының әкімшілік-саяси және діни шараларымен қатар жүрсе де, оның шешуші фактор болмағанын көрсетеді. Себебі, бұл кезеңде қазақтар айтарлықтай исламданған еді. Мұсылмандық институттардың әлсіз дамуына қарамастан, оларда тұрақты мұсылмандық бірегейлік пен тұтас діни сана қалыптасқан болатын [4, 22 б]. Н.Нұртазина қазақтардың нашар мұсылмандық немесе діни синкретизм кеңестік билік тұсында пайда болған концепция екенін өз зерттеулерінде бөліседі. Қазақ даласындағы исламды жан-жақты академиялық тұрғыдан талдау жүргізген А. Сұлтанғалиев, Р. Мұстафин, А. Нұрғалиев, А. Муминов, А. Жақсылықов, А. Әбуова, Н. Нұртазина, З.Жандарбек және т.б. ғалымдардың алғашқы зерттеулерінде белгілі бір өзгерістер байқалады. Қазақ даласындағы исламның эволюциясы мен аймақтық ерекшеліктерін жан-жақты талдау оның синкреттік сипатта қарастырылуы ғылыми тұрғыдан негізсіз екенін айқындайды. Бұл бағыттағы жаңа зерттеулер қазақтардың діни тәжірибесін ислам өркениетінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырудың маңыздылығын көрсетіп, тарихи процестерді объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Қазақтардың XVIII-XIX ғасырлардағы діни дүниетанымына қатысты маңызды мәліметтер Патшалық Ресейдің әкімшілік шенеуніктері мен ғалымдарының этнографиялық экспедициялары нәтижесінде жүйелі түрде жинақталды. Зерттеулер кең байтақ қазақ даласын қамтып, аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, әртүрлі этнографиялық еңбектерде жан-жақты талданды. Этнографиялық еңбектерде кіші жүз қазақтарының діни ұстанымдары туралы этнографиялық дереккөздер олардың исламға деген берік адалдығын айғақтайды. Этнограф Э. Островский өзінің «Путешествие во Внутреннюю Киргиз-Кайсацкую Орду с ветеринарной целью» атты еңбегінде қазақтардың мұсылмандық сенімін қатаң ұстанатынын және олардың діни өмір салтының тұрақтылығын атап өтеді. Ал Н. Троицкий «Взгляд на внутреннюю Киргизскую Орду» баяндамасында қазақтардың сунниттік ислам қағидаттарын толықтай ұстанатынын көрсетеді. Оның зерттеулеріне сәйкес, әрбір 170 киіз үйге бір молда тағайындалып, бұл исламдық нормалардың сақталуын қамтамасыз еткен. Бұл дерек ислам дінінің Кіші жүзде ресми институт ретінде орныққанын және халықтың діни сауаттылығының жоғары болғанын дәлелдейді. Кіші жүз қазақтарында исламның орнығуы туралы К. Солдатенков пен Н. Щепкиннің «Очерки Зауральской степи внутренней или Букеевской орды» еңбегінде де кеңінен қарастырылады. Онда қазақтардың Құранды қасиетті кітап ретінде ерекше құрметтегені және Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.) өсиеттерін берік ұстанғаны жазылған [5, 44, 139, 89 б]. П. Небольсин «Очерки нижнего течения Волги» атты еңбегінде қазақтардың исламдық сенімін сақтау ерекшеліктерін сипаттайды. Онда шаш алу, сақал қою сияқты діни жоралғалардың орындалуын қазақтардың исламдық дәстүрлерге беріктігінің дәлелі ретінде қарастырады [6, 167 б]. П. Небольсин пікірін неміс зерттеушісі Рихард Карутцте растайды. Р. Карутц Маңғыстау өлкесіне жасаған этнографиялық экспедициясында қазақтардың исламдық өмір салтын бұлжытпай ұстанатынын нақтылайды: «Қазақтар денесіндегі барлық шаштарын алып тастайды, бірақ сақалдарын қырмайды. Олар бұрынғыдай өлген малдың қанын ішпейді. Үйлерінің есіктерін Меккеге қаратып орналастырады және барлық намаздары мен діни рәсімдерін толықтай орындайды» [7, 123 б]. Этнографиялық дереккөздер Кіші жүз қазақтарының діни ұстанымдарының

Ресей империясының аумағында өмір сүрген басқа да мұсылман халықтарынан еш айырмашылығы болмағанын айғақтайды.

Этнографиялық зерттеулерге сүйенсек, Кіші жүз қазақтарының діни дүниетанымында ислам ерекше орын алған. Олар исламның қағидаттарын қатаң ұстанып, оның канондарын күнделікті өміріне енгізген. Кіші жүз қазақтары намаз оқу, ораза ұстау және діни мейрамдарды өткізу барысында исламдық нормаларды мұқият сақтаған. Намаз - діни тәжірибенің негізгі тірегі ретінде жеке және ұжымдық құлшылықтың ажырамас бөлігіне айналды. Я.П. Гавердовский өзінің «*Обозрение Киргиз-Кайсакской степи*» атты еңбегінде қазақтардың намазға ерекше мән бергенін атап өтіп, оның жамағатпен оқылу тәжірибесін сипаттайды: «*Алдымен, лагерьден алыс емес жазықта молданың шақыруымен барлық қырғыздар мен мұсылман дінін ұстанатын саудагерлер жиналды. Онда олар мұсылман дәстүрі бойынша намаз оқып, содан кейін құрметпен қатарлап отырып, ахунның Құран аяттарын әуендетіп оқуын тыңдады*». Гавердовский жариялаған деректе қазақтардың намазды тек жеке парыз ретінде ғана емес, діни қауымдастықтың маңызды элементі ретінде қарастырғанын көрсетеді. Намаз оқу рәсімі қоғамда орныққан діни дәстүрге сай жүйелі түрде өткізіліп, оған түрлі әлеуметтік топтар қатысқан. Этнографиялық зерттеулерде Кіші жүз қазақтарының ораза ұстау дәстүрі кеңінен сипатталады. Қазақтар исламдық талаптарға сай Ораза және Құрбан айт мейрамдарын атап өтіп, діни рәсімдер орындаған. Н. Троицкийдің «*Взгляд на внутреннюю Киргизскую Орду*» еңбегінде оразаның соңғы ай күнтізбесіне сай тамыздың соңында басталып, қыркүйектің соңында аяқталатыны баяндалады. Ол қазақтардың күндіз ас-судан тыйылып, кешке құлшылық жасап, астан шектеусіз дәм тататынын атап өтеді [8, 107 б]. Я.П. Гавердовский де ораза айының ерекшеліктерін сипаттап, күндізгі уақыт толық ашығумен өтсе, түнгі уақытта арнайы тағамдар дайындалатынын жазады. Сонымен қатар, әйелдер мен жасы кіші балалар жағдайына байланысты жеңілдіктер берілгенін көрсетеді [9, 268 б].

Кіші жүз қазақтарының хандары ислам шарифатының нормаларын өздерінің билік жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырды. Е.К. Мейендорфтың жазбаларында бұл үрдіс айқын көрініс табады: «*Хан белгіленген әдет-ғұрыптар мен Құран қағидаларын ұстануы тиіс, өйткені бұл оның билігін нығайтады. Алайда, оған заңдарды өз мүддесіне сай түсіндіре алатын сенімді молда қажет. Сонымен қатар, қасиетті кітап Құранның тәпсірлері әртүрлі түсіндірмелерге жол береді, сондықтан хан оларды пайдалана білуі керек, осылайша өзге жағдайда батылы жетпейтін қадамдарға баруға мүмкіндік алады*» [10, 41-б]. Кіші жүздің саяси элитасы арасында ислам нормаларының қоғамдық және жеке өмірдегі реттеуші рөлін зерттеу мәселесі отандық тарихнамада өзекті болып табылады. Осы тұрғыда султан Идеге Ширғазиевтің діни ұстанымдары мен тәжірибесі исламдық құқықтық нормалардың (фикһ) және сунниттік теологиялық доктринаның дала элитасының басқару практикасына интеграциялануының айқын көрінісі ретінде қарастырылады.

Жерлеу рәсімдері қосымша жоралғыларсыз, тек шарифат талаптарына сәйкес орындалған. И.Г. Георги өзінің «*Описание всех обитающих в Российском государстве народов. Их житейских обрядов, обыкновений, одежд, жилищ, упражнений, забав, вероисповеданий и других достопамятностей. Часть 2. О народах Татарского племени*» атты еңбегінде қазақтардың жерлеу ғұрыптары туралы құнды этнографиялық мәліметтер қалдырған. Оның пайымдауынша, қазақтар «*өлілерімен дәл басқа мұсылмандар сияқты әрекет етеді. Қабірлерді терең қазбайды; керісінше, олардың үстіне көп мөлшерде тас үйеді*» [11, 139 б]. Я.П. Гавердовскийдің этнографиялық зерттеулері де осы тұжырымды қуаттайды. Ол қазақтардың жаназа намазы Құран аяттарын оқудан басталып, шарифат талаптарына сәйкес орындалатынын атап көрсетеді. Оның зерттеулерінде қазақтардың жерлеу рәсімдерінің құрылымдық тәртібі сипатталып, жоралғылардың күрделі қосымша элементтерсіз, қатаң діни қағидаттарға негізделіп жүзеге асырылғаны баса айтылады. Кіші жүз қазақтарының жерлеу ғұрыптарының ислам дәстүрлеріне негізделгені туралы Л. Мейердің «*Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами Генерального штаба. Киргизская степь Оренбургского ведомства*» еңбегінде де маңызды мәліметтер кездеседі. Этнографиялық деректе қазақтардың жерлеу ғұрыптарына молдалардың белсене қатысатыны атап өтілген [12, 229 б]. Қазақ қоғамындағы діни сенімдер жүйесінде әулиелер мен қасиетті тұлғалар культі маңызды орын алған. Әсіресе, белгілі тарихи қайраткерлердің, батырлар мен билердің қабірлері ерекше құрметке ие болып, зиярат ету дәстүрі кең таралған. Батыс Қазақстан өлкесі Қазақ ислам тарихынан ойып тұрар орын алар қасиетті мекендер көптеп орналасқан, А.В. Комаров «*Предания адаевцев о святых секты ханафие, живших и умерших на Мангышлаке*» бақылауларында Маңғыстауды мекен еткен қазақтар арасында ислам дінінің қасиетті саналатын әулиелерін пір тұтатынын ескеріп кеткен: *Маңғыстау аймағында көптеген әулие саналатын киелі адамдардың қабірлері орналасқан, оларды қазақтар мен түрікмендер ерекше құрметтейді. Әрбір қасиетті моланың басында ұзын найза тәрізді сырықтар орнатылған, оған*

зиярат етушілер матаның жыртылған бөліктерін байлап кетеді, бұл құрбандықтың бір түрі болып саналады. Әулие моласында ант беру ерекше маңызды болып саналады. Егер біреу өз кінәсіздігін дәлелдеуі керек болса, ол мола басындағы найзаны екі қолымен ұстап тұрып: «Мен көрген жоқпын, естіген жоқпын, ішкен жоқпын, жеген жоқпын, егер жалған айтсам, Алла мені жазаласын, әулие мені қарғасын» деп айтуы керек. Қасиетті деп танылған тұлғаларға олардың көзі тірісінде және қайтыс болғаннан кейін де үлкен құрмет көрсетіледі. Бұл жазба белгілі адамдар - Көбен Қаражақұлы, Байбұлат Есенов және Ходжа-Берді тарапынан құжатталған. А. Комаровтың еңбектерінде Маңғыстау өңірінде исламның дамуы мен таралуында 362 әулиенің бар екені жазылған. Бұл әулиелер Қожа Ахмет Ясауидың ілімін тарату мақсатында келген мүридтері саналады. Сонымен қатар, деректерде Маңғыстаудағы мешіттердің салынуына қатысты Шопан ата мен Гаким ата туралы аңыздар да кездеседі. Бір күні Қожа Ахмет Иассауи шәкірттерін оқытуды аяқтап болған соң, оларға дүние жүзіне исламдінін, сопылық идеяны уағыздауға тапсырма береді. Сөйтіп асасын терезеден лақтырып жібереді де, аса ұшып кеткен соң мүриттеріне қарап: «Кім де кім менің таяғымды маған әкеліп берсе, соған Фатиха сүресін оқып беремін» дейді. Барлық мүриттері шулап, асаны іздеуге мешіттен шығып жүгіре жөнеледі, жалғыз Шопан ата мешіттің есігіне дейін жетіп, тұрып қалады, бірақ сол сәтте-ақ қайтып келіп, орнына отырады. Қожа-Ахмет оған қарап: «Сен неге отырсың?» деп сұрайды. - «Мен кетер едім, аса бұл жерден өте алыста, батыста, ол үлкен теңіздің жағасындағы Маңғышлақта, егер сіз маған қазір Фатиха сүресін оқып берсеңіз» - деген екен Шопан ата. Осы кезде аса таяқты таба алмағандар мешітке қайта орала бастайды. Қожа-Ахмет оларға қарап былай дейді: «Мұнша көп оқушыларымың арасынан мен жалғыз ғана мақтауға тұрарлық және дос таптым». Содан соң Шопан атаға арнап Фатиха сүресін оқиды және онымен мәңгіге қоштаса отырып, оған Маңғышлақ жеріндегі асаны іздеуге рұқсатын береді. Шопан ата жолға шығады, бірнеше айлар жүріп, ақырында жаратқанның нұсқауымен Маңғышлаққа Қожа-Ахметтің асасының түскен жеріне келеді. Ал ағаштың түбінде Шопан атаның келетінін білген тәрізді оны бір құрметті адам күтіп отыр екен. Олар танысып, Шопан ата оның қызына үйленеді және осы жерде мәңгілік тұрақтап қалады. Шопан ата тау етегінде жебесі түскен жеріне жер астындағы мешітті салады. Көп кешікпей, барша Маңғышлақ жұрты Шопан атаның келуі, оның оқымыстылығы мен даналығы жайында хабардар болады. Адамдар оның ақыл-кеңестерін тыңдауға келе бастайды. Атаның мешітінде мұсылманшылықтан дәріс беріліп, балалар құран жаттаған [13 1, 11 б]. Қазақтардың әулие тұлғаларды құрметтеп, оларды пір тұтатыны туралы И. А. Кастаньеде құнды деректер қалдырған. Ол Орал уезіне сапар шегіп, жергілікті әулие мазараттары туралы мәліметтер жинаған. Зерттеулерінде бірнеше әулиенің ерлігі мен діни кереметтері туралы маңызды ақпараттар келтіреді. И.А Кастаньенің жазбаларына сүйенсек, Бату хан Байтақ-там батырға Арал теңізінен Өзенге дейінгі аралықта ислам дінін тарату міндетін жүктеген. Бұл тапсырма қарулы жорықтар арқылы жүзеге асырылып, аймақтағы халықтарды мұсылмандыққа бет бұруға мәжбүрлеген.

Кіші жүз қазақтарының діни дүниетанымы мен исламдық практикаларын тарихи-этнографиялық тұрғыдан саралау қазақ қоғамындағы ислам дінінің орны мен рөлін жаңаша бағамдауға мүмкіндік береді. XVIII-XIX ғасырлардағы этнографиялық еңбектердің мазмұндық талдауы исламның тек сенім жүйесі ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік, құқықтық және мәдени институт ретінде қызмет атқарғанын көрсетеді. Зерттеу нәтижелері қазақ халқының діни тәжірибелерінің құрылымдық ерекшеліктерін анықтауға және кеңестік кезеңде үстемдік құрған «синкреттік ислам» және «әлсіз мұсылмандық» концепцияларына сын тұрғысынан қайта қарауға негіз бола алады. Этнографиялық дереккөздерде сипатталған намаз оқу жүйесі, ораза ұстау тәжірибесі, діни мейрамдар мен жерлеу рәсімдері исламның Кіші жүз қазақтарының өмір салтының ажырамас бөлігіне айналғанын дәлелдейді. Сонымен қатар, қазақ қоғамында исламдық құқықтық нормалардың (шариғат пен әдет-ғұрып заңдарының синтезі) әлеуметтік қатынастарды реттеудегі рөлі айқын көрінеді. Кіші жүз қазақтарының діни санасы жоғары деңгейдегі институционализацияланған мұсылмандық тәжірибеге негізделгенін көрсетті. Бұл, біріншіден, исламдық ілімнің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан сабақтастығының нәтижесі болса, екіншіден, аймақтық діни элитаның, соның ішінде ахундар мен молдалардың қоғамдағы ықпалымен байланысты болды. Сонымен қатар, Ресей империясының әкімшілік-саяси реформалары исламның дамуына әрқилы әсер еткеніне қарамастан, Кіші жүз қазақтарының діни бірегейлігі мен рухани тұтастығы сақталып қалғанын этнографиялық деректер дәлелдейді. Жалпы алғанда, қазақ қоғамындағы ислам мәселесін этнографиялық еңбектер негізінде зерделеу исламның трансформациялық әлеуетін және оның көшпелі өркениетпен өзара ықпалдастығының күрделілігін көрсетеді. Алдағы зерттеулерде мұрағаттық дереккөздерді кеңінен тарту, сонымен қатар, заманауи тарихи-антропологиялық әдістерді қолдану қазақ халқының діни санасының эволюциясын тереңірек пайымдауға мүмкіндік береді. Бұл ислам тарихының өңірлік ерекшеліктерін түсіну тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар кең ауқымды еуразиялық мәдени-өркениеттік үрдістерді қайта бағалау үшін де өзекті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX - начало XX в.). - Алма-Ата. 1991.
2. Раздыкова Г.М. Религиозный синкретизм казахов Степного края // Вестник КарГУ. 2010. - № 3. - С. 29-37.
3. Нұртазина, Н. Д. (2021). Ислам в истории Казахстана: новые подходы и итоги изучения проблемы за 30-летие независимости (1991-2021). Bulletin of History. - №3 (102). DOI: [10.26577/JH.2021.v102.i3.01](https://doi.org/10.26577/JH.2021.v102.i3.01).
4. Шаблей П.С. Оренбургское магометанское духовное собрание в общественно политической и религиозной жизни населения казахских степных областей: Автореф. дис. канд. ист. наук. Челябинск, 2013.
5. Букеевской Орде 200 лет : Издание из 6 книг [Текст]. Книга 3 : Ставка хана внутренней Киргизской Орды, 2001. - 232 с
6. Небольсин, Павел Иванович (1817-1893). Очерки Волжского низовья // [Соч.] Павла Небольсина. - Санкт-Петербург : тип. М-ва вн. дел, 1852. - [4], 197 с., 1 л. карт. : 23.
7. Карутц. Р 1910. Среди киргизов и туркмен на Мангышлаке. Санкт-Петербург: Изд-во А. Ф. Девриена. 188 с.
8. Троицкий Н. Взгляд на Внутреннюю Киргизскую орду // Отечественные записки. Т.LVIII. СПб, 1848; Сведения о Внутренней Киргизской орде / Журнал Министерства государственных имуществ. Ч.I. СПб, 1841
9. Ерофеева И. В., Жанаев Б. Т. История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. - Алматы: Дайк-Пресс, 2007. - Т. 5. Первые историко-этнографические описания казахских земель. Первая половина XIX века. - 613 с.
10. Мейендорф Е.К Путешествие из Оренбурга в Бухару. Предисл. Н.А. Халфина, М., Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1975.
11. Георги, Иоганн Готлиб. Описание всех обитающих в Российском государстве народов : их житейских обрядов, обыкновений, одежд, жилищ, упражнений, забав, вероисповеданий и других достопамятностей / [Иоганн Готлиб, Георги]. - СПб., 1799. - 4 т.
12. Киргизская степь Оренбургского ведомства / сост. Ген. штаба подполковник Л. Мейер. - 1865. - 382 с. разд. паг., 12 л. табл., 1 л. к. - Библиогр. в предисл.
13. Предания адаевцев о святых, сеты ханафие живших и умерших на Мангышлаке// Сборник сведений о кавказских горцах. -Тифлис. -1873. -Т. 7. -С. 5-17.

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ «АДАЛ АЗАМАТ» ҰҒЫМЫ

Балдакова А.Б., Амантай Б.Ж.

Ғылыми жетекшісі: оқытушы Химади М.С.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті

meruert-kimadi@mail.ru

Қарағанды қ.

Адал азамат - бұл өз отанының тірегі. Ол өз мінез-құлқымен, еңбегімен және жауапкершілігімен елдің дамуына тікелей үлес қосатын, рухани- адамгершілік құндылықтарды жоғары қоятын өз елінің тірегі. Қоғамның тұрақтылығы мен дамуы әрқашан азаматтардың адамгершілік келбетімен, ішкі ұстанымымен тығыз байланысты болған. Қазақ халқының рухани-мәдени мұрасында «адал азамат» ұғымы ерекше орын алады. Бұл ұғым Алаш зиялыларының еңбектерінде терең көрініс тапқан. Олар үшін адалдық - тек жеке қасиет қана емес, ұлтқа, Отанға деген жанашырлықтың белгісі болды. Осы Алаш зиялыларының ұстанымы бүгінгі күнде де өз өзектілігін жойған жоқ. Олай дейтін себебіміз, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жолдауларында да «адал азамат» бейнесі - жауапкершілікті, әділетті, елжанды тұлға ретінде сипатталады. Осы мақаламызда Алаш зиялылары мен мемлекет басшысының көзқарасындағы адал азамат ұғымы салыстырылып, сабақтастығы мен маңыздылығы талданады.

«Адал азамат» қағидаты - бұл бүгінгі ұрпаққа қойылған жаңа талаптар емес, Алаш қайраткерлерінің еңбектерінде орын алған, қастерлі ұғым. XX ғасырдың басында ұлт рухын оятқан